

Қарауылкелді ауылдық округінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 1 "Көшені атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 181 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қаңтарда № 4180 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V "Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына сәйкес, Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарауылкелді ауылдық округінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 1 "Көшені атау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-4-91 санымен тіркелген, 2010 жылғы 30 қаңтарда аудандық "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтіні бойынша "село" сөзі "ауыл" с ө з і м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы Қ.Ізбағанбет